

## КӨКЕЙКЕСТІ

## ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚАЙТСЕК ҚАЗАҚШАЛАЙМЫЗ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан» стратегиясы қоғам мен мемлекет қарым-қатынасының жаңа жүйесін қалыптастырып, мемлекетіміздің дамуына тың серпін берген идея болды. «Қоғамдық келісімшарттың» бұл жаңа нұсқасы халықты біріктіретін, бір мақсатқа жұмылдыратын, қоғамымыздың дамуында шешуші рөлге ие қозғаушы күш болары хақ. Ал бұл идеяның біріктіруші элементтерінің бірі әрі бірегейі – қазақ тілі екенін Мемлекет басшысы да, зиялыларымыз да айтып жүр.

## Уақыт куттірмейтін мәселе

Құқық жүйесін, соттар мен прокуратураны, заң шығармашылығын, жалпы айтқанда әділет жүйесін мемлекеттік тілге көшіру, қазақша сөйлету мәселесін нықтап қолға алатын уақыт келді. Жасыратыны жоқ, елімізде қазақ тілінде құжат айналымын жүргізе алатын, құқық терминологиясына жетік, сот процесін жүргізетін, заң жазатын, талдайтын, заңдардың орындалуын мемлекеттік тілде талап ететін заңгерлер тапшы. Құқық жүйесіндегі құжат айналымы, іс қағаздардың дені ресми тілде жүргізілді. Терминологиясы қалыптасқан, халықтың көпшілігі жетік меңгерген тілде жұмыс істеген әркімге қолайлы, ыңғайлы болды. Осылайша, барлық сала сияқты құқық саласында да құжат айналымының қазақстандық моделі орыс тілінде қалыптасты. Қазақшаға аударылғанмен заңның да, құжаттың да түпнұсқасы, жұмыс істеуге арналған нұсқасы орыс тілінде болды. Ал сол орысшадан аударылған қазақша заңдар жұмысқа келмейтін, түсініксіз, қателер мен сәйкессіздіктерге толы қойырпаққа айналды. Сондықтан іргетасы орыс тілінде қаланған бұл жүйені реформалап, қайтадан қазақша қалыптастыру оңай шаруа болмай тұр. Барлық ісін орыс тілі арқылы үйлестіріп үйреніп қалған мемлекеттік органдар, министрліктер, Парламент, прокуратура мен сот жүйесі әзірше сол баяғы үйренішті соқпақпен келеді.

## Мәтіндегі мәнсіздік

Құқық саласындағы мемлекеттік тілдің жағдайын саралап, шешім іздегенде алдымызға бір-бірімен сабақтасып жатқан, бірінің үшіншісі екіншісіне байланысты мына 4 мәселе шығып отыр. Осы 4 мәселе Жаңа Қазақстанның құн тәртібіне алынып, зерттеліп, жүйелі жоспарлы түрде қолға алынаса, мемлекетіміздің құқық жүйесі толығымен мемлекеттік тілге көшетініне сенімдімін.

Біріншісі, қолданыстағы қазақша заң мәтіндеріндегі ақаулар мәселесі. Жоғарыда айтылғандай түпнұсқасы орысша дайындалып, қазақшасы ала-құла аудармамен ұсынылған, терминологиялық бірізділік сақталмаған, сөйлем құрылымы ауыр, жасанды, кей кезде қазақшаға жетік кәсіби заңгерлердің өзі түсінбей қиналатын, жұмысқа жарамсыз заңдар, заңнамалық актілер мен құқықтық құжаттар – қазіргі өміріміздің шындығы.

Бұл ретте, құқық саласында қазақша аударма жасау, әсіресе заңнамалық актілерді мемлекеттік тілге аударудың жеңіл шаруа емес екенін де мойындаған жөн. Кәсіби заңгер мамандардың пікірінше, Ата Заңымыздан бастап заңнамалық иерархиямен төмен түскенде әр сатыдағы, әр деңгейдегі, кез келген құқықтық актінің мәтіні ақаудан ада емес. Тіпті кей кодекстер мен заңдардың орысша және қазақша мәтіндері арасындағы ауытқулардан туындаған мағына қателері азаматтарымыздың тағдырына теріс ықпал ететіндей қауіпті деңгейде.

Мәселен, заңгерлер тарапынан кезінде көп айтылған Конституциямыздың 61-бабының 7-тармағындағы, 53-баптың 3-тармақшасындағы, 47-бабының 2-тармағындағы аударма қателері көп жылдардан кейін түзетілді. Алайда, өкінішке қарай, Конституциямызда заң техникасының тілге қатысты талаптарына қайшы саналатын бір құжаттағы құқықтық терминді бірнеше синоним арқылы жазу әлі де кездеседі. Мысалы, Конституцияда «хақылы» деген мағынаны беретін сөз 5 жерде «құқылы», 27 жерде «құқығы бар», 16 жерде «ақылы» деп жазылған. Сондай-ақ Конституцияда терминологиялық тұрғыдан даулы сөздер де кездеседі. Оған мысал ретінде 25-баптың 2-тармағында орыс тілінде «доступная цена» сөзі «шама-шарқы көтеретін ақы», 27-баптың 2-тармағында «естественные права родителей» тіркесі «ата-ананың етене құқығы» сияқты аудармаларды көрсетуге болады. Бұл Конституциямыздың 27 жылдық тарихында сан рет заңгерлер тарапынан талқыланып, көзге шұқып жүріп түзетілген түрі. Құқықтық мемлекеттің тірегі, құқықтық сана мен мәдениеттің қалыптасуында шешуші рөл айқындалған негізгі заңымыздың бұл жағдайы жауапты қызметкерлерді ойландыру керек.

Экономикалық қарым-қатынастардың конституциясы саналатын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі де құқықтық олқылықтар, қисынсыздықтар мен заң терминдерінің үйлесімсіздігінен ада емес. Мәселен, алысқа бармай Азаматтық кодексіміздің орысша «Отношения, регулируемые гражданским законодательством» деп аталатын 1-бабы мен «Гражданское законодательство Республики Казахстан» деп аталатын 3-бабы қазақша «Азаматтық заңдармен реттелетін қатынастар» және «Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары» деп аударылған. Бұл тіркестегі «Законодательство» деген терминнің қазақшаға «заң» емес, «заңнама» деп аударылатынын білу үшін заңгер болудың қажеті жоқ. Бұл термин кодексте 25 рет осылай қате қолданылған. Бұл жерде ескеретін бір жайт, «Құқықтық актілер туралы» заңымыздың 1-бабының 16-тармағында «законодательство» сөзі «заңнама» деп дұрыс аударылған және практикада да бұрыннан бері қолданылып жүр. Сондай-ақ Азаматтық кодекстің «Толкование норм гражданского законодательства» деп аталатын 6-бабы қазақ тіліне «Азаматтық заң қалыптарының түсінілуі» деп аударылған. Яғни әр терминді бөлшектеп жеке-жеке қарайтын болсақ, «гражданское законодательство» – «азаматтық заң», «законодательная норма» – «заң қалыбы», «толкование» – «түсінілу» деп қисынсыз аударылған. Сонымен қатар «недвижимое имущество» деген тіркес сол кодекстің ішінде 17 жерде «жылжымайтын мүлік» деп аталса, 41 жерде «қозғалмайтын мүлік» деп жазылған.

Ең маңызды заңнамалық актілердің жай-күйі осы. Қоғамдық өмірімізде жиі қолданылатын, негізгі кодекстер мен заңдарымыздың барлығында ірілі-ұсақты ақаулар жетіп артылады.

## Түпнұсқа қазақша жасалса...

Құқық саласындағы мемлекеттік тілдің жағдайын саралағанда алдымыздан шығатын екінші мәселе – еліміздегі заң шығармашылығының жай-күйі. Яғни заңдарды қазіргідей орысшадан аудармай, әуел бастан мемлекеттік тіл – қазақ тілінде жазу мәселесі. Алдында ескертілгендей құқық жүйесіндегі мемлекеттік тілдің проблемалары бір-бірімен сабақтасып, араларында себеп-салдар қатынасы бар мәселелер. Заң мәтіндеріндегі ақаулардың басты себебі заңдардың о баста, түпнұсқада қазақша жазылуында, заң шығармашылығының қазақша дамымай, сол бұрынғы әдетімен орысша жалғасуында деп пайымдауға толық негіз бар. Қазіргі таңда заңнамалық актілердің қазақшасын оқу да, түсіну де қиын, сондықтан қарапайым азаматтарды былай қойғанда, қазақ тілінде құқықтық қызмет көрсетіп жүрген кәсіби адвокаттар мен құқықтық кеңесшілердің өздері мемлекеттік тілде жазылған заңдарды орыс тіліндегі нұсқасымен салыстыра отырып оқығанда ғана толық түсінетіндерін айтады. Негізінен заңдардың мәтіні дәйекті, қарапайым халыққа ұғынықты тілмен, құқық техникасына сай, қисынды жазылуы керек. Сонда ғана құқықтық реттеу қажеттілігінің мақсаты орындалып, азаматтардың өздеріне арналған заңдарда қамтылған нормативтік ұйғарымдарды дұрыс түсінуі, баяндалған құқық нормаларының талаптарын дұрыс қабылдауы қамтамасыз етіледі. Бұған жету үшін басты шарт – заңдардың мемлекеттік тілде, халықтың тілінде жазылуы деп білеміз.

«Заңдар неге мемлекеттік тілде жазылмайды?» деген сұрақ соңғы жылда қоғамдық ойды жиі мазалап, Парламент мінбелерінде, дөңгелек үстелдерде, баспасөзде қызу талқыланатын мәселелердің біріне айналдып келе жатыр. Айтылған ой-пікірлерді жүйелей келе, заң шығармашылығындағы қазақ тілінің жұтаң халінің, заңдардың мемлекеттік тілде шығарылуының басты себебі – тек өзіміздің қайратсыздығымыз бен немісқұрайлығымыз деп қорытуға толық негіз бар. Осы мәселе туралы сөз болғанда – қазақша құқықтық терминология қалыптаспаған, заңдарды қазақша жазатын маман жоқ, мемлекеттік тілдің мәртебесі нақты айқындалмаған, заңдардың ең басынан қазақ тілінде жазылуы нормативті



түрде бекітілмеген деген сияқты толып жатқан себептер айтылады. Бірақ мұның бәрі өз қайратсыздығымызды ақтап алу үшін айтылған сылтау екенін іштей әрқайсымыз білеміз, сеземіз. Өйткені жұмыс барысында заңның сәйкессіздікке толы, түсініксіз қазақша нұсқасын оқып, түзетіп, қатесін айтып жеткізгенше, баяғыдан үйренішті де түсінікті орысшасын оқи салу заңгер, сот және прокуратурамызға ыңғайлырақ.

Президенттің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына зер салайық. Бұл құжаттың 4-бөлімінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес нормативтік-құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдерінде әзірлену керектігі ашық айтылған. Сонымен қатар норма шығару қызметінде қазақ тілін одан әрі дамыту мақсатында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын орыс тіліне аударуды қамтамасыз ете отырып, оларды әуел баста қазақ тілінде әзірлеудің маңыздылығына баса назар аударылған. Қарап отырсақ, бұл мәселе Мемлекет басшысының назарынан да тыс қалмаған. Демек әділет жүйемізді, соттарымызды, заңдарымызды, жалпы мемлекетімізді қазақ тілінде сөйлету осы тұжырымдамаға сәйкес жоспарлы түрде жүзеге асырылмалы.

## «Тұрыңыздар, сот келе жатыр»

Үшінші мәселе – сот жүйесіндегі тілдің ахуал. Елімізде, әсіресе қалалық жерлерде сот процесінің басым бөлігі орыс тілінде өтетіні белгілі. Мұны кеңестік дәуірден бері сот практикасының, іс қағаздарын жүргізудің, кәсіби терминологияның орыс тілінде қалыптасуымен түсіндіруге болады. Жоғарыда айтылғандай заңның орысша нұсқасы түсініктірек, жылдар бойы орысша жазылып келген, дайын үлгідегі процессуалдық құжаттарды қолдану ыңғайлырақ болғандықтан, арыздар да сол тілде жазылады, сот пен прокурорға да сол тілде жұмыс істеген тыныш.

Алдымен бұл саладағы заңнамаға назар аударайық. Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексінің сот процесі жүргізілетін тілге қатысты 14-бабы (тура осындай норма Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабында да бар) «азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі» деп әп әдемі басталады да кейіннен Конституция мен Тіл туралы заңдағы сияқты бұл жерде де заң шығарушы жол ортадан мемлекеттік тілге «ресми көленкесін» ілестіріп жіберген. Яғни келесі сөйлем «сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады» деп жалғасады. Тіл жанашырлары сот процесін қазақ тілінде жүргізудің бір тетігі ретінде Азаматтық процесілік кодекстің 14-бабының 2-тармағын көп алға тартады. Бұл тармақтағы «сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді» деген норма «әуел баста сотқа талап-арыз қай тілде берілсе, сот процесі сол тілде жүреді» дегенге келеді. Яғни азаматтық іс жүргізудің тілі талап-арыз берілген тіл негізінде анықталатындықтан сотқа алғаш арызды мемлекеттік тілде беру арқылы процесің қазақ тілінде жүргізілуіне мұрындық болуға болады. Алайда сот тәжірибесінде бұл ережеге қатысты да түйткілдер жоқ емес. Қазақша құқықтық қызмет ұсынатын адвокаттар мен құқықтық кеңесшілер талап-арызды

қазақша беріп, сот ісін жүргізудің тілін өз ыңғайларына келтіргенімен, процес барысында түрлі себептермен, кейде шарасыздықтан артқа шегінуге мәжбүр болатындарын өкінішпен айтады. Оларды бұл қадамға – сотқа дейінгі тергеу амалдарын қазақша жүргізетін тергеушінің табылмауы, мемлекеттік тілге қиналған қарсы тараптың, прокурор мен соттың өтініші, сондай-ақ дәлелдер мен құжаттардың, нормативтік деректер мен заңнаманың толығымен орыс тілінде болуы, уақыт үнемдеу сияқты факторлар итермелейтін көрінеді.

Президентіміз айтпақшы, Жаңа Қазақстан дегеніміз Әділетті Қазақстан. Әділет ең алдымен сот жүйесінің әділетті, сенімді болуымен жүзеге асырылады. Әділетті сот – шешімі заңға негізделген, жұмысы да, шығарған шешімі де тараптарға түсінікті, әркім ойын еркін, өзіне қолайлы тілде жеткізіп, туындаған әр сұрағына толық жауап ала алатын сот. Жоғарғы соттың статистикалық деректеріне сүйенсек, қазақтілді халық саны қарқынды өскенімен, соттарда мемлекеттік тілде жүретін істердің саны ол қарқынға ілеспей жатыр. Бұның себебі халықтың өз тілінде қызмет алғысы келмеуі емес, керісінше сот жүйеміздің, адвокаттар мен құқықтық кеңесшілер қауымының мемлекеттік тілге жетік кадр тапшылығынан қазақтілді аудиторияның сұранысына жауап бере алмауынан деп болжауға негіз бар. Бұл – Жаңа, Әділетті Қазақстанға жараспайтын, жедел түрде түзетуді талап ететін олқылық.

## Білікті заңгер тапшы

Төртінші мәселеге келейік. Еліміздің құқық жүйесін толығымен мемлекеттік тілге көшіру үшін, сонымен қатар қолданыстағы заң мәтіндеріндегі ақауларды түзетіп, заңдарды ең басынан қазақ тілінде жазуды бастап, сот процесінің толығымен мемлекеттік тілде жүргізу үшін сапалы қазақ тілді заңгерлер керек. Ал құқық жүйемізге ауадай қажет бұл заңгерлерді қалай даярламақпыз?

Статистикалық деректерге сүйенсек, елімізде 61 жоғары оқу орны заңгер мамандарды даярлаумен айналысады екен. 19 миллион халқы бар ел үшін бұл сан аз емес. Тіпті кейбір мамандардың пайымдауынша, бұл сан әлемдік статистикамен сәйкестірілгенде біз үшін өте көп және бұл – көптік түлектердің білім деңгейінің төмен болуына ықпал етуші факторлардың бірі. Негізінен әр облысқа және республикалық деңгейдегі қалаға құқықтық кадрлар даярлайтын бір-бір жоғары оқу орны жеткілікті.

Баршаға мәлім, жаңақазақстандық қоғамның сұранысына жауап беретін, қазақшаға жетік, теориялық және практикалық тұрғыдан мықты заңгер кадрлар даярлаудың басты шарты – осы аталған ерекшеліктерді өз бойына жинаған мықты профессура, заңгер ғалымдардың болуы. Жасыратыны жоқ, бертіңге дейін (тіпті қазірдің өзінде солай) құқықтық білім беруде орыс тілінің үстемдігі жүріп тұрды. Заң факультеттерінде алғашқы қазақша бөлім 1989 жылы ашылған екен. Бірақ қазақша ғалымдар мен оқытушы кадрларды даярлау ісі тек 2000-жылдарда ғана қарқын ала бастады. Проблеманың басты түйіні, қазақша құқық оқытатын, мемлекетімізге заңгер кадрлар даярлайтын заң факультеттерінің өздері кадрға зәру. Мұның басты себептерінің бірі – заң факультеттері өздеріне ғылыми кадр даярлайтын, ғалымдар арасындағы ұрпақтар сабақтастығын үзбей жалғастыратын ғылыми мектептерді қалыптастыра алмады. Сондықтан заңгер ғалымның, құқық саласындағы

университет профессорының қоғамдағы орны, мәртебесі де төмен.

Германия, Франция, Швейцария сияқты елдер заң үстемдігі орнаған, заңға құрмет ең жоғары деңгейге жеткен елдерде заңгерлердің де қоғамдағы беделі өте жоғары болады. Ал осы заңгерлерді даярлайтын заң факультеттеріндегі профессор-ғалымдардың беделі одан да асқақ. Өйткені әрбір заңгер профессор, біріншіден, ғасырлар бойы қалыптасқан, сол елдердің құқығы мен демократиясының, қоғамдық қатынастарының реттеушісі саналатын заңдарының қалыптасуына тікелей ықпал еткен ғылыми мектептердің өкілі. Екіншіден, Еуропалық құқық профессорлары құқықтың теориясы мен практикасын әрқашан бірге алып жүреді. Осылайша, бір жағынан аудиторияда дәріс оқыса, екінші жағынан сол теориялық білімді іс жүзінде, құқық практикасында қолданушы заңгер-сот, адвокат, кеңесші болып қызмет атқарады. Үшіншіден, ол мемлекеттерде заң жобаларының дайындалуында мемлекеттік орган емес, тиісті салада беделді заңгер ғалымдар мен ғылыми мектептердің сөзі өтімдірек. Төртіншіден, оларда доктрина, яғни заңгер ғалымдардың эксперттік ой-пікірі құқықтың қайнар көзі ретінде үкіммен бекітілген. Сондықтан соттар заңмен шығарғанда, тараптар дауласқанда өз ұстанымдарын дәйектеу үшін заңға қалай сүйенсе, сол салада беделді профессордың пікіріне де солай сүйене алады.

Біздің құқық саласындағы профессорлар мен оқытушылардың көпшілігінің басты олқылығы практикадан, қолданбалы құқықтан алшақтап кетуінде. Яғни көп жағдайда университет оқытушысы өзі оқытып жатқан понение катысты заңнамадағы өзгерістерден және сот практикасындағы даулы мәселелерден бейхабар болады. Сондықтан ол пәнді оқып шыққан студенттің шынайы өмірде жұмысқа тұрғанда тиісті мәселеге қатысты кәсіби дағдысы кем болатыны, айтпаса да түсінікті. Осыдан кейін жұмыс берушілер «заң факультеттерінің түлектері практикалық жұмысқа икемсіз, заңды білсе де қолданысынан, сот тәжірибесінен хабары жоқ» деген шағымдар көп айтылады.

Бүгін елімізде болып жатқан қоғамдық-саяси үдерістерді, сондай-ақ осы үдерістерге сәйкес ұлттық сана-сезімде болып жатқан өзгерістердің қарқынды ескерсек, жақын келешекте жаңақазақстандық қоғамның мемлекеттік тілдің қолданысы аясын тез арада кеңейтуді талап ететінін болжау қиын емес. Біз көтеріп отырған мәселенің барлығы – қолданыстағы заңдардың ақаулары, қазақша заң әдебиеттерінің жеткіліксіздігі, заңдардың мемлекеттік тілде жазылуы, қазақша құқық терминологиясының, сот практикасы мен іс қағаздарын жүргізу тілінің қалыптасуының түйіні де, шешімі де айналып келгенде кадр, сапалы маман мәселесіне келіп тіреледі. Ең бастысы, Жаңа, Әділетті Қазақстанның қайта тулеп, дамуы мемлекеттік тілсіз, оның жоспарлы түрде құқық жүйесінің барлық саласында қолданысқа енуіне мүмкін емес екенін ең басында заңгерлер қауымы ретінде өзіміздің түсінуіміз жерек осы жолда аянбай еңбек етуіміз керек. Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлының «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалмақ» деген ескертуін әрдайым есте сақтағанымыз жөн.

**Марат АХМАДИ,**  
М.Нәрікбаев атындағы  
KAZGUU университетінің  
ҒЫЛЫМИ ІСТЕР ЖӨНІНДЕГІ  
ВИЦЕ-ПРОВЕСТЫ